

## Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 10 тамыздағы N 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 14 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1679. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 58-НҚ Бұйрығымен.

*Ескерту. ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 10 тамыздағы N 30 бұйрығының күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 58-НҚ Бұйрығымен.*

1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент заңын , 1999 жылғы 26 шілдедегі "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын

іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

2. Өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету жөніндегі басқарма осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

### *Төрайым*

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі  
Санаткерлік меншік құқығы  
жөніндегі комитеті төрайымының  
2001 жылғы 10 тамыздағы

N 30 бұйрығымен бекітілген

**Өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше  
құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің  
тәртібі туралы**  
**Ереже**

*Ескерту: Ереженің түгел мәтіні бойынша "Комитет", "Институт" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "сараптама жасау ұйымы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п бұйрығымен .*

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім ) 1000, 1029-баптарына, 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент заңы 11-бабының 6-тармағына және 1999 жылғы 26 шілдедегі "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес әзірленді және өнеркәсіптік меншік объектілеріне ерекше құқықты беру туралы шарттарды тіркеудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіп үлгілері, тауар таңбалары немесе қызмет көрсету таңбалары;

2) қорғау құжаттары - өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патент, өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне, пайдалы модельге патент, тауар таңбаларына немесе қызмет көрсету таңбаларына куәлік;

3) беру шарты - өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқықты беру шарты ;

4) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген және өнеркәсіптік меншік құқығын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салалардағы ( өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызмет көрсету) қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы ұйым.

*Ескерту: 2-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58 - п б ұ й р ы ғ ы м е н .*

3. Беру шарты соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқық күшінде болатын мерзім ішіндегі кез келген уақытта жасалуы мүмкін .

4. Беру шарты жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге тиіс .

Беру шарты ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

*Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п б ұ й р ы ғ ы м е н .*

5. Беру шартын тіркеуден бас тарту үшін:

1) соған қатысты шарт жасалатын ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздердің,

сондай-ақ соған қатысты шарт жасалатын ерекше құқықтан қалыс қалуға кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы ;

3) шартта Қазақстан Республикаларының заңнамаларына және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің б о л у ы ;

4) тауар таңбаларына және қызмет көрсету таңбаларына ерекше құқықты беруге байланысты тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты тұтынушыларды ш а т а с т ы р у ;

5) осы Ереженің ережелерін сақтамау негіз болып табылады.

## **2. Беру шарттарын тіркеудің тәртібі**

6. Беру шарттарын тіркеу оларға сараптама жасау ұйымы жүргізген сараптама нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

*Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п б ұ й р ы ғ ы м е н .*

7. Беру шартын тіркеу туралы өтініш (әрі қарай - өтініш) У-1 нысаны бойынша сараптама жасау ұйымына беріледі (осы Ережеге 1-қосымша).

Өтініш беру шартының біріне қатысты болуға тиіс.

*Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п б ұ й р ы ғ ы м е н .*

8. Өтінішті беру шарты тараптарының бірі не олардың мұрагерлері немесе құқықтық мирасқорлары береді.

Мұрагер немесе құқықтық мирасқор өтініш берген кезде оған мұрагерлік немесе құқықтық мирасқорлық құқығын растайтын құжаттың куәландырылған көшірмесі қоса тіркеледі.

Заңды тұлға атынан өтінішке ұйымның басшысы немесе уәкілетті тұлға лауазымын көрсете отырып қол қояды.

Патенттік сенім білдіру немесе өзге өкіл арқылы өтініш берген кезде өтінішке тиісінше патенттік сенім білдіруші немесе өкіл қол қояды.

9. Өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

1) Беру шартының титулдық парақпен жабдықталған төрт дана түпнұсқалары. Беру шарты түпнұсқаларының орнына өтінім берушінің таңдауы бойынша:

шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;  
құқықты беру фактісі көрініс тапқан шарттан нотариалдық куәландырылған к ө ш і р м е ;

беру туралы куәлікке қатысты Үлгілік халықаралық бланкіде ұйғарылғандай мазмұндағы шарт бойынша беру туралы куәландырылмаған және бұрынғы,

сондай-ақ жаңа иелері қол қойған куәлік;

беру туралы куәлікке қатысты Үлгілік халықаралық бланкіде ұйғарылғандай мазмұндағы құқықты беру туралы куәландырылмаған және бұрынғы, сондай-ақ жаңа иелері қол қойған құжат табыс етілуі мүмкін.

2) патенттік сенім білдірілген немесе өзге өкіл арқылы өтініш берген жағдайларда, сенімхат;

3) тиісті ақы төленгенін растайтын құжат.

10. Өтініш мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Басқа құжаттар мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде ұсынылады. Егер басқа құжаттар басқа тілде ұсынылса, олардың белгіленген тәртіппен куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы өтінішке қоса тіркеледі.

11. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар беру шарттарын тіркеуге байланысты істі Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірушілері арқылы жүргізеді.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тысқары жерлерде жүрген жеке тұлғалар, беру шарттарын тіркеуге байланысты істі, Қазақстан Республикасының шегінде хат жазуға арналған мекен-жайын көрсеткен жағдайда, патенттік сенім білдірусіз жүргізе алады.

12. Өтініш түскен кезден бастап он бес күн ішінде сараптама жасау ұйымы келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың бар-жоғы және оларға белгіленген талаптардың сақталуы тексеріледі.

Беру шартының материалдары келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімде сараптама жасау ұйымы оларға мәні жөнінен сараптама жүргізеді.

*Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п бұйрығымен*

13. Құжаттарды ресімдеудің талаптары бұзылған немесе осы Нұсқаулықтың 5 -тармағында көрсетілген, беру шартын тіркеуге кедергі келтіретін, алайда оларды жоюға болатын негіздер болған жағдайда, өтінім берушіге оны жөнелткен күннен бастап үш ай мерзімде құжаттарда жоқтарын немесе түзетілгендерін беруді немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсына отырып, сұрау салу жіберіледі. Бұл жағдайда осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген мерзімдерде түзетілген немесе жетіспейтін құжаттарды ұсынған күннен бастап есептеледі. Егер сараптама жүргізу барысында жекелеген мәселелер бойынша басқа ұйымдардың қорытындысын алу талап етілсе, онда бұл жағдайда көрсетілген мерзімдер қорытынды ұсынылған күннен бастап есептеледі.

14. Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда сараптама жасау ұйымы беру шартын тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

15. Беру шартын тіркеуге кедергі келтіретін, жойылуы мүмкін емес негіздер болған немесе өтінім беруші көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда, сараптама жасау ұйымы уәкілетті органға беру шартын тіркеуге кедергі келтіретін себептерді көрсете отырып қорытынды жібереді.

16. Беру шартын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

Уәкілетті орган беру шартын тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда қаралып отырған шарт бойынша құжаттар жиынтығы тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша қайтарылды.

17. Уәкілетті орган беру шартын тіркеу туралы шешім шығарғаннан кейін:

1) беру шартының нысанасы болып табылатын өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді;

2) беру шартының титулдық парағына тіркеу күнін, шарт парағының және оның қосымшасының санын, тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы мөртабан соғады;

3) тіркелген беру шарттарының Тізіліміне беру шарт туралы мәліметтерді ендіреді;

4) хат жазысу үшін өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша беру шартының тіркелген екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны жібереді.

Беру шартының үшінші және төртінші данасы уәкілетті орган пен сараптама жасау ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.

18. Сараптама жасау ұйымы тіркелген беру шарттары бойынша:

1) тіркелген беру шарттарын автоматтандырылған өңдеуді және есептеуді жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік меншік объектілерін тиісті Мемлекеттік тізілімге енгізу үшін тіркелген беру шарттары туралы мәліметтерді ая сайын әзірлейді;

3) тіркелген беру шарттары, атап айтқанда: шарттың тіркелген нөмірі мен күні; шарт тараптарының атаулары (тегі, аты, әкесінің аты) туралы мәліметтерді бюллетенге тоқсан сайын жариялайды.

19. Тіркелген беру шартына енгізілетін кез келген өзгерістер немесе толықтырулар уәкілетті органға тіркелуге тиіс және ол тіркелген беру шарттарының Тізіліміне енгізіледі.

Тіркелген беру шартына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы

өтініш У-2 нысаны бойынша сараптама жасау ұйымына беріледі (осы Ережеге 2-қосымша) .

*Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п бұйрығымен .*

20. Тіркелген беру шартына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы өтінішке :

1) шарттың екі тарабы да қол қойған, енгізілген өзгерістердің немесе толықтырулардың тізбесі мазмұндалған қосымша келісім;

2) енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың сараптамасына және тіркелуіне ақы төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

21. Қоса беріліп отырған құжаттарды ресімдеудің және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш берудің тәртібіне, сондай-ақ тіркелген беру шартына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу мен сараптаудың тәртібіне осы Нұсқаулықтың 8, 10-18-тармақтарында белгіленген ережелер қолданылады.

### **3. Қорытынды ережелер**

22. Беру шарттарына сараптама жүргізуге және тіркеуге байланысты іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ақы алынуы мүмкін.

23. Кез келген тұлға тіркелген беру шарты туралы мәліметке қатысты тіркелген беру шарттарының Тізілімінен көшірмені ашық жариялау үшін алуға құқылы .

Беру шартының мәтінімен үшінші тұлғаны таныстыруға, сондай-ақ одан көшірме алуға шарт тараптарының келісімімен ғана жол беріледі.

24. Беру шартын сараптау мен тіркеудің барлық сатыларында ашық жариялау үшін белгіленген мәліметтерді қоспағанда, шарт жасасудың мазмұны мен шарттарына қатысты мәліметтердің құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

1 - қ о с ы м ш а

У - 1 н ы с а н ы

Сараптама жасау ұйымы

*Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п бұйрығымен .*

### **Беру шартын тіркеу туралы**

#### **Өтініш**

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатын (қорғау құжаттарын) беруді тіркеуді сұраймын .

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары)

және нөмірі (нөмірлері) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Егер 2-бағанда орын жеткіліксіз болса, көрсетілсін және жалғастыруға арналған парақта қажетті ақпарат келтірілсін.

3. Иегер (иегерлер) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы

\_\_\_\_\_ Егер иегерлер бірнешеу болса, көрсетілсін және жалғастыруға арналған парақта қажетті ақпарат келтірілсін.

4. Құқықтық мирасқор (құқықтық мирасқорлар) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы

Мекен-жай (почта индексі және елдің атауын қоса алғанда) мен телефон \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Егер құқықтық мирасқорлар бірнешеу болса, көрсетілсін және жалғастыруға арналған парақта олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын қоса алғанда, қажетті ақпарат келтірілсін.

5. Құқықтық мирасқордың патенттік сенім білдірушісі немесе өзге өкілі \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты

Мекен-жай (почта индексі және елдің атауын қоса алғанда) мен телефон \_\_\_\_\_

6. Хат жазысуға арналған мекен-жай \_\_\_\_\_

7 . Қ о с ы м ш а :

\_ парақ ( \_\_\_\_\_ парақ NN \_\_\_\_\_ қосымшаларымен) \_\_\_\_\_

д а н а д а \_\_\_\_\_ т і р к е л е т і н \_\_\_\_\_ ш а р т ;

\_ Патенттік сенім білдірушінің немесе өзге өкілдің өкілеттігін  
р а с т а й т ы н \_\_\_\_\_ с е н і м х а т ;

\_ Ақының төленгенін растайтын құжат;

\_ Жалғастыруға арналған парақтар;

\_ Басқа құжат (көрсетілсін) \_\_\_\_\_

Өтінім беруші \_\_\_\_\_

қызметі, тегі, аты, әкесінің аты және қолы

М.О.

Күні \_\_\_\_\_

2 - қ о с ы м ш а

У - 2 н ы с а н ы

Сараптама жасау ұйымы

*Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 58-п бұйрығымен .*

## Тіркелген беру шартына өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу туралы

### Өтініш

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты тіркелген беру шартына өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуді сұраймын.

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) және нөмірі (нөмірлері) \_\_\_\_\_

\_ Егер 2-бағанда орын жеткіліксіз болса, көрсетілсін және алғастыруға арналған парақта қажетті ақпарат келтірілсін.

3. Иегер (иегерлер) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы

\_ Егер иегерлер бірнешеу болса, көрсетілсін және жалғастыруға арналған парақта қажетті ақпарат келтірілсін.

4. Құқықтық мирасқор (құқықтық мирасқорлар)

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы

\_ Егер құқықтық мирасқорлар бірнешеу болса, көрсетілсін және жалғастыруға арналған парақта қажетті ақпарат келтірілсін.

5. Беру шартының тіркеу нөмірі және күні

6. Қ о с ы м ш а :

\_ \_\_\_\_\_ парақ \_\_\_\_\_ данада тіркелген беру шартына тіркелетін өзгерістер мен толықтырулар;

\_ Ақының төленгенін растайтын құжат;

\_ Жалғастыруға арналған парақтар;

\_ Басқа құжат (көрсетілсін) \_\_\_\_\_

М.О.

Өтінім беруші \_\_\_\_\_

қызметі, тегі, аты, әкесінің аты және қолы

Күні \_\_\_\_\_